

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күші жойғал

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы әкімінің 2022 жылғы 22 маусымдағы № 3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 маусымда № 28638 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Семей қаласының әкімінің 2023 жылғы 9 тамыздағы № 6 шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 14 тамызда № 107-18 болып тіркелді.

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Семей қаласының әкімінің 09.08.2023 № 6 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес, ШЕШТІМ:

1. Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Семей қаласы әкімінің орынбасары Д. А. Гариков табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып тағайындалсын және табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. "Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің Семей қаласы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Семей қаласы әкімі

Б. Байахметов